

Жергілікті жерді бағдарлау. Азимут

- Азимут ; (арабша ас – симут – жол) деп бақылаушы тұрған нүкте меридианының солтүстік басынан діттеген бағытқа дейінгі аралықтағы бұрышты айтады.
- Азимут түсбағардың магнит тілінің солтүстік басынан сағат тілінің айналу бағыты бойынша 0° - тан 360° - қа дейін есептелінеді.

- Толық шеңбер 360° - тан тұрады.
- Түсбағардың циферблаты 360° - қа бөлінген.
- 0° - солтүстік,
- 90° - шығыс,
- 180° - оңтүстік,
- 270° - батыс бағытқа сай.

- Азимут A әріпімен белгіленеді.
- Жанына градус мөлшері қойылады.
- Мысалы $A=30^\circ$.

- Азимут бойынша жүру үшін алдымен қажетті деректер (азимут пен қашықтықтық) алдын ала дайындалынып алады.
- Қойылатын шарт – жергілікті жерде қажетті бағытты таба білу, түсбағардың көмегімен сол бағыттан айнамай жүріп отыру, соның нәтижесінде белгіленген жерді тура шығару.

Тапсырмалар

1. Азимут деген не ?
2. Азимут неше градус аралығында өлшенеді ?
3. мысал келтіру ?